



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ    КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ    AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

# ХАБАРШЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ СЕРИЯСЫ

# ВЕСТНИК

СЕРИЯ МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ  
И МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВО

# BULLETIN

INTERNATIONAL RELATIONS AND  
INTERNATIONAL LAW SERIES

3(67) 2014

## МАЗМУНЫ–СОДЕРЖАНИЕ

<b>1 бөлім</b> <b>ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ</b> <b>ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ</b> <b>МӘСЕЛЕЛЕРІ</b>	<b>Раздел 1</b> <b>АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ</b> <b>МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ И</b> <b>МИРОВОЙ ЭКОНОМИКИ</b>
<i>Елемесов Р.</i> Введение в экономическую глобалистику. Проблемы народонаселения ..... 3	
<i>Байзакова К.И., Болатхан М., Каракулов Е.</i> Перспективы сотрудничества Казахстана и Венгрии ..... 11	
<i>Губайдуллина М.Ш., Мамедалиева А.М.</i> О некоторых результатах германской миссии в Афганистане: год 2014 ..... 19	
<i>Асанов С.С., Ормышева Т.А.</i> Орталық Азиядағы трансшекаралық өзендер мәселесі: тарихы мен қазіргі жағдайы..... 27	
<i>Delovarova L.F.</i> Migration processes and sustainable development: brief analysis of key linkages and gaps ..... 32	
<i>Kim Jung Min</i> Chinese Stealth Foreign Policy: Immigration ..... 37	
<i>Оңдаш А.О.</i> Экономикадағы «Голландық ауру» тұжырымдамасы..... 50	
<i>Сайрамбаева Ж.Т., Садырбаева М.А.</i> Қазақстанда исламдық банкинг жүйесін жүзеге асыру және оны құқықтық реттеу ..... 54	
<b>2 бөлім</b> <b>АЙМАҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ</b> <b>ӘСКЕРИ-САЯСИ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ</b> <b>МӘСЕЛЕЛЕРІ</b>	<b>Раздел 2</b> <b>РЕГИОНАЛЬНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ И</b> <b>ВОПРОСЫ ВОЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОГО</b> <b>СОТРУДНИЧЕСТВА</b>
<i>Ахметов Е.Б.</i> Обеспечение региональной военно-политической безопасности на пространстве ШОС: 2006 – 2014 гг. .... 59	
<i>Губайдуллина М.Ш., Кенеш И.</i> Стратегии интересов Европейского Союза и России в контексте международных противоречий (фактор балканского и украинского кризисов) ..... 68	
<i>Балаубаева Б.М., Деловарова Л.Ф.</i> Организация договора коллективной безопасности (ОДКБ) и проблемы регулирования миграционных процессов ..... 79	
<i>Somzhurek B.Zh., Kakenova Z.A.</i> Military-Political Cooperation between Kazakhstan and the United States ..... 83	
<i>Султанова Н.Т., Айдарбаев С.Ж.</i> Понятие и признаки территориального спора..... 89	
<i>Чукубаев Е.С., Акжаров Б.К., Кенжебаева К.Ж.</i> Международно-политические конфликты современности и проблема насилия ..... 95	

ӘОЖ 341.232.2

Ж.Т. Сайрамбаева\*, М.А. Садырбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

\*E-mail: zhuldyz\_sairam@mail.ru

### Қазақстанда исламдық банкинг жүйесін жүзеге асыру және оны құқықтық реттеу

Бұл мақалада исламдық банкинг жөнінде заңды әзірлеудің тарихи аспектілері, Қазақстанның азаматтық заңнамасына сәйкес исламдық банкинг өнімдерін дайындау қағидалары қарастырылып, құқықтық реттелуі қазақстандық заңнамамен қарастырылған исламдық банкингтің негізгі өнімдеріне анықтама беріледі. Исламдық банкинг шеңберінде лизингтік операцияларды, жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларын және т.б. жүзеге асыру үшін өзіндік талаптары көрсетілген, шариат кеңесінің Қазақстан заңнамасы бойынша исламдық банкингті жүзеге асыру барысындағы қызметіне сипаттама және құқықтық негіздемелер беріледі. Мақалада исламдық банкингтің негізгі өнімдері сипатталады, ислам банктері қызметін құқықтық реттеудің, ислам банктері қызметі үшін Қазақстанда құқықтық база құрудың даму келешегі мен бірқатар мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, мақала Қазақстандағы исламдық банкинг институтын әрі қарай өркендету қадамдарын зерделеуге арналған.

**Түйін сөздер:** исламдық банкинг жүйесі, ислам қаржы институттары, ислам құқығының нормалары мен қағидалары, исламдық қаржыландыру, ислам қаржы құралдары.

Zh.T. Sairambayeva, M.A. Sadyrbayeva

#### Implementation of the islamic banking system in Kazakhstan and it's legal regulation

The article examines the historical aspects of the development of the law on Islamic banking, the design principles of islamic banking products in accordance with the civil legislation of Kazakhstan, defines the basic Islamic banking products, regulation of which is provided by Kazakh legislation reflected typical requirements for implementation within the Islamic banking leasing operations, operations sub-soil, contracting operations, etc., and describes the activities of the legal basis of Sharia councils in the implementation of islamic banking under the laws of Kazakhstan. The article provides a detailed and meaningful definition and characteristics of the main products of islamic banking, considers the problems and prospects of development of legal regulation of islamic banks, the creation of a legal framework in Kazakhstan for islamic banks. In addition, the paper investigates further steps to improve the Institute of Islamic banking in Kazakhstan.

**Key words:** islamic banking system, islamic financial institutions, the rules and principles of islamic law, islamic financing, islamic financial instruments.

Ж.Т. Сайрамбаева, М.А. Садырбаева

#### Осуществление системы исламского банкинга в Казахстане и ее правовое регулирование

Статья рассматривает исторические аспекты разработки закона об исламском банкинге, принципы разработки продуктов исламского банкинга в соответствии с гражданским законодательством Казахстана, дается определение основных продуктов исламского банкинга, правовое регулирование которых предусмотрено казахстанским законодательством, отражены характерные требования для осуществления в рамках исламского банкинга лизинговых операций, операций по недропользованию, подрядных операций и т.д., дается характеристика и правовые основания

деятельности шариатских советов при осуществлении исламского банкинга по законодательству Казахстана. В статье даются детально и содержательно определения и характеристики основных продуктов исламского банкинга, рассматриваются проблемы и перспективы развития правового регулирования деятельности исламских банков, создания правовой базы в Казахстане для деятельности исламских банков. Кроме того, статья посвящена исследованию дальнейших шагов улучшения института исламского банкинга в Казахстане.

**Ключевые слова:** система исламского банкинга, исламские финансовые институты, нормы и принципы исламского права, исламские финансовые инструменты.

Исламдық банкинг – әлдеқашан жарты ғасыр ішінде табысты дамып жатқан әлемдік қаржыдағы бағыт. Бастапқыда ислам банктері мұсылман елдерінде пайда болып, кейіннен әлем бойынша алға басты. Біршама уақыт аралығында, исламдық банкинг Қазақстан Республикасының қаржы жүйесіне де енді.

Қазақстан Республикасының қаржы нарығын жоғары сатыға көтеру оның әлемдік экономикалық кеңістікке интеграциялануына және оның жағымды жақтарын қабылдауына байланысты. Бүгінгі күннің өзекті әлемдік феномендерінің бірі – исламдық банкинг өнеркәсібі және оның альтернативті қаржыландыру моделі ретінде қалыптасуы болып табылады. Ислам қаржылары әлемдік қаржы нарығының ажырамас бөлігіне айналды. Осыған қатысты, қаржыландырудың исламдық моделі Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жаңа даму кезеңі болуы мүмкін және мұсылмандарға да, мұсылман емес халыққа да альтернативті қаржылық өнімді қолдануға мүмкіндік бере алады.

Қазақстан Республикасында исламдық банкингі енгізу және дамыту себептері, дәлірек айтқанда қаржыландырудың бір қайнар көзіне тәуелділікті төмендету қажеттілігі, яғни инвестициялық ағындарды әртараптандыру; өнеркәсіптік даму жоспарларын жүзеге асыру үшін сыртқы ұзақ мерзімді инвестицияларды тарту, сонымен қатар мемлекет экономикасына исламдық банкинг құралдарының көлемі жайлы бейхабар тұрғындардың қаржы ресурстарын қатыстыру – тек қана үлкен мүмкіндік емес, мемлекеттегі исламдық банкинг жүйесін дамытудың бірден-бір қадамы.

Қазақстандағы исламдық банкинг жүйесінің дамуы бірінші кезекте шетел мемлекеттерімен, яғни Ислам ынтымақтасу ұйымы мүшелерімен экономикалық қатынастарды дамытуға мүмкіндік туғызады. Қазақстанның ислам ынтымақтасу Ұйымына мүше мемлекеттерімен достық қарым-қатынастары жаңа нарықтарға жол ашады, ал бұл жаңа инвестицияларға қосымша мүмкіндіктер береді және халықаралық

аренада Қазақстанның беделін жоғары көтереді. Саяси тұрғыда Қазақстанның мұсылман мемлекеттерімен қатынастарын әрі қарай жандандыру біздің мемлекетіміздің стратегиялық мүдделеріне жауап береді және Қазақстанның тәуелсіздігін, егемендігін, территориялық тұтастығын нығайтудың қосымша факторы болып табылады. Мұндай саясат сыртқы саясаттың теңгерімділігін қолдауға және қазақстандық дипломатияның азиялық, таяу шығыстық, мұсылмандық, сонымен қатар «мұнайлық» және оның басқа да векторларының стратегиялық бағыттарының бірқатарының күшеюіне мүмкіндік туғызады. Экономикалық тұрғыда Қазақстан мұсылман мемлекеттері тарапынан исламдық банкинг жүйесінің дамуының арқасында тек қана тікелей қаржыландыру жолымен инвестициялап қоймай, сонымен қатар серіктестікте портфельдік инвестицияларды жүзеге асыра алатын инвесторларды әлдеқашан тартуда. Бұдан басқа, Таяу Шығыс мемлекеттері тарапынан инвестициялар құйылымы Қазақстан экономикасына қысқа мерзімді келешекте өтімділік кемшіліктерімен күресуге көмектеседі және ұзақ мерзімде экономиканың дамуына мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы Қазақстан аумағында өткен заманда тайпа араларында ұқсас тәртіп нормалары болғандығы белгілі. Егер тарихқа үңіле қарайтын болсақ, қазақ тайпаларының арасында исламның таралуы әлдеқайда ертерек басталған, шамамен VIII ғасырда [1]. Сол уақыттан бері діннің әсері тек қана тұрмыстық емес, сонымен қатар қоғамдық-саяси өмірде де байқала бастады.

Оған исламды Қазақстан аумағында ең бірінші болып қабылдаған, IX ғасырда қалыптасқан Қарахан хандығы мысал бола алады. Бірақ негізгі дәлел – сол заманның хандарымен қабылданған заңдар жинағы болып табылады [2].

Бүгінгі таңда әлемдік жаһандану және отандық экономика мен қаржы жүйесін жетілдіру жағдайында біз қаржыландыру аясында ислам құқығымен байланысқан қоғамдық қатынастардың селбесуіне дайын болуымыз қажет. Ес-

кі әдет-ғұрыптың заманауи исламдық банкинг институтына айналатынын ешкім білмеген.

Исламдық банкинг жүйесінің дамуының заманауи кезеңінде Қазақстанда ислам құқығы нормаларымен реттелетін бірінші институттар әлдеқашан пайда болуда. Дегенмен қазіргі кезде Қазақстанда ислам қағидаларына негізделген қаржы қатынастарын құқықтық реттеуді жүзеге асыратын арнайы нормативтік актілер жоқ [3].

Қазақстан Республикасы үкіметінің ислам элементімен ынтымақтастығы бойынша бірінші бастамасы – 1995 жылы Ислам конференциясы ұйымына енуі. 1997 жылдың тамыз айында Алматы қаласында Орта Азия аймағына орталық болып табылатын Ислам даму банкі өкілеттігі ашылды. Ислам даму банкі демеуімен техникалық және ақпараттық тәжірибе алмасу бойынша техникалық ынтымақтастық бағдарламалар, исламдық қаржыларды тарту бойынша семинарлар және т.б. жүзеге асырылды. Дегенмен бастапқы кезеңдерде исламдық қаржылық өнімдерге қызығушылық тек Қазақстан Республикасы үкіметінің тарапынан емес, сонымен қатар жеке банк секторының бөлек өкілдерінен де байқалды.

2003 жылдарда Ислам даму банкімен ынтымақтасуды бастаған отандық қаржы институттарының бірі «Тұран Әлем Банкі» болып табылады [4]. Жетекші ислам қаржы институттарымен ынтымақтастық ислам қаржы нарығының мәні, оның ерекшеліктері, оны реттеудің заңи, экономикалық механизмі, сонымен қатар оның алдағы даму және ену келешегі түсінігін қалыптастырды.

Ислам банкинг жүйесі бұрыннан әлемдік қаржы жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және ұлттық құқықтық жүйе шеңберінде оның бөлек құраушы бөліктерін имплементациялау құқықтың кешенді біріктірілген саласы ретіндегі қаржыландыру құқығы институтының дамуына әсерін тигізеді [5]. Осыған байланысты, қазақстандық қаржы жүйесі үшін ислам әлемінде қызмет істейтін қаржыландыру жүйесінің жағымды жақтарын қабылдау өзекті болып табылады. Бұл ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевпен оның халыққа жолдауында бірнеше рет көрсетілген, Қазақстан Орта Азиядағы ислам қаржысының орталығы болуы тиіс екендігіне көңіл аударылған [6].

Алғашқы қадамдар ең қиын болып табылады, соның ішінде ислам банкинг жүйесінің қаржыландыру сияқты жеке элементтерін ендіру. Мұнда тек саяси жігер ғана емес, сонымен қатар Қазақстан Республикасында баламалы

қаржыландыру жүйесінің дамуына негіз бола алатын жаңа заң актілерін әзірлеу және қабылдау қажет. 2009 жылы Қазақстан Республикасы Парламентімен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ислам банктерін ұйымдастыру мен олардың қызметі және исламдық қаржыландыруды ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы қабылданды. Заңда алғаш рет «ислам банкі» институтына анықтама берілді. Бұдан басқа, заңнамаға ислам банктерінің, ислам инвестициялық қорлардың ашылуына және ислам құнды қағаздарын шығаруға жол беретін көптеген тузетулер енгізілді [7]. 2011 жылдың сәуір айында Қазақстан Республикасының Парламентімен алдыңғы заңның кемшіліктерін жойған және ислам қаржы өнімдерін тиімді реттеуге өз үлесін қосқан «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ислам банктерін ұйымдастыру мен олардың қызметі және исламдық қаржыландыруды ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» тағы бір заң қабылданды.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында қабылданған коммерциялық қаржыландыру нысаны халықтың барлық талаптары мен қажеттіліктеріне сай емес. Осылайша дәстүрлі қаржыландыру элементтері шариат қағидаларына қарама-қайшы болып келеді, ал бұл өз кезегінде мемлекеттегі мұсылман халқы арасында қаржыландыру кеңінен таралуын қиындатады.

Қазақстан нарығында қалыптасқан жағдайға, сонымен қатар әлемдегі ислами қаржыландырудың кеңінен таралуына, әлемдік қаржы дағдарысына байланысты Қазақстан Республикасында исламдық қаржыландыру ендіру мәселесі бойынша зерттеу жүргізу өзекті болып табылады.

Ислам қаржы секторының даму келешегі мен мүмкіндігі шынайы, дегенмен нәтижесінде аталған сектордың өсуіне кедергілер келтіруі мүмкін бірқатар қатерлер бар. Қазақстандағы исламдық банкинг жүйесінің дамуының айтарлықтай қатерлерінің бірі болып исламдық банкинг жүйесінің Қазақстан Республикасы заңнамалық қағидаларына сәйкес бейімделуінің қиындығы. Себебі, исламдық банкинг – бұл пайыздық мөлшерлемесі жоқ, исламмен рұқсат етілмеген қызмет түрлеріне инвестициялауға тыйым салатын жай ғана жүйе емес. Бұл, бірінші кезекте шариат нормалары негізінде құрылған әлеуметтік жауапты инвестициялау [8]. Бұдан басқа, ис-

лам қаржысы аясындағы қаржы құралдары мен әдістерінің көбісі шариат нормалары бойынша біркелкі емес, ислам ғалымдары арасында осы нормалар мен ережелерді түсіндіруде қайшылықтар бар. Ислам ұйымдарының өнімдер мен қызметтерді мақұлдауы қолданыстағы модельге байланысты және мемлекеттен мемлекетке ерекшеленеді, ал бұл исламдық қаржыландыруды реттеуді қиындата түседі [9]. Жоғары аталған қатерлерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі 2012 жылдың қараша айында Исламдық қаржы қызметін көрсету бойынша Кеңеске қауымдастырылған мүше ретінде кірді. Сонымен қатар ҚР ҰБ исламдық қаржы операцияларын исламдық қаржы институттарын есептеу және тексеру Ұйымының стандарттары негізінде бухгалтерлік есептеу бойынша заңнамалық базасын дайындады. ҚР ҰБ құрылымында арнайы бөлімше пайда болды – Алматы қаласының аймақтық қаржы орталығын және исламдық банкінг жүйесін дамыту бойынша департаменті, оның қызметі – исламдық қаржыландыру бойынша ҚР ҰБ саясатын қалыптастыру болып табылады.

Сонымен қоса, Қазақстандағы исламдық банкінг жүйесінің даму келешегі бүгінгі күні исламдық қаржыландыруды қателесіп тегін, яғни пайызсыз кредитпен ұқсатып жүрген потенциалды клиенттердің білімі жоқтығы салдарынан айтарлықтай бұрмалануы мүмкін. Осыған байланысты Қазақстанда тұрғындардың қаржылық сауаттылығын көтеру бойынша, сонымен қатар исламдық қаржы институты бойынша іс-шаралар жүзеге асырылады. Осылайша, [fingramota.kz](http://fingramota.kz) оқыту веб-порталында «Исламдық банкінг» атты арнайы бөлім жасалған, мұнда ислам қаржысы жайлы жан-жақты ақпарат берілген. Үнемі сұхбат өткізіліп, мақалалар жарияланып және талдамалық материалдар бойынша жұмыс жүргізіледі.

Қазақстан Республикасында ислам қаржылық қызметі аясында құқыққатынастардың дамуына қарай Шариаттық бақылау кенесі, исламдық қаржылық дауларды қарастыру бойынша мамандандырылған арбитраж сияқты құраушы элементтерді бір мезгілде сіңіру керек. Жоғарыда айтылып кеткендей, 2009 және 2011 жылдары ислам банкітері мен исламдық қаржыландыру ұйымдарының шешімдері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актіле-

рін өзгерту және толықтыру бойынша заңдар қабылданған. Ислам банк құқық қатынастарын реттеу механизмі заңнамамен бекітілген және іс жүзінде ҚР нарығында жұмыс істейді. Осыған байланысты, шариат қағидаларына негізделген қаржыландыру ұйымдарының қалыпты тіршілік етуін және жұмыс істеуін нормативті қамтамасыз ету қажет. Қазақстан Республикасында исламдық қаржылық өнеркәсіптің дамуына байланысты осы нарықты тиімдірек реттеу мақсатында кейбір жеке элементтерді енгізу қажеттілігі пайда болады.

Қаржы және қаржы үрдістерін басқару ұйымы ислам қаржы жүйесінің функционалды, қызмет көрсетуші және қамтамасыз етуші жүйе бөліктері арасындағы өзара байланысты анықтайды. Экономиканың шынайы секторында қолдану келешегіне келетін болсақ, ислам банкітерін көбінесе агросеріктестіктер, күрделі холдингтер мен кіпі және орта ауылшаруашылық кәсіпорындары қызықтырады. Ауылшаруашылығынан басқа, инвесторларды қазақстандық мұнайгаз кешені, мұнайхимия және туризм қызықтырады [10]. Қазақстандағы исламдық банкінг жүйесінің әрі қарай дамуы келесі мәселелерді шешуді қажет етеді: ислам қаржы институттарын құру және дамыту бойынша алдағы жұмыс; тұрғындардың қаржылық сауаттылығын жоғарылату, іскерлерге исламдық қаржы технологиясын оқыту; Қазақстандағы исламдық қаржының даму концепциясын дайындау; шынайы өндірістерді ислам қаржы ресурстарын қолданумен дамыту бойынша ұйымдастырушылық-экономикалық шараларды әзірлеу; исламдық қаржыландыру құралдарын тарту мен стандарттарды дайындауда ислам мемлекеттерімен ынтымақтастықты дамыту.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене келе, исламдық банкінг жүйесін құру, оны ұлттық заңнамаға, күнделікті қаржы қызметіне және сот тәжірибесіне ендіру – Қазақстанға әлемдік экономикалық кеңістіктің жаһандық жүйесіне тереңірек енуіне жол береді. Бұл қадамдар отандық нарықтың қаржылық, инвестициялық және сақтандыру секторын табыстырақ дамыту мен жаңарту мақсатында қабылданады. Сонымен қатар, бұл қаржыландыру нарығын реттеуші ұлттық заңнаманы одан әрі дамыту және жетілдіру үшін қажет.

## Әдебиеттер

- 1 Банковское право Республики Казахстан. Общая часть. – Алматы: Жеті жарғы. 2007. – С. 17.
- 2 Кенжегузина М. Исламские финансы: внедрение единых стандартов // Юридическая газета.– 26.01.2010.– №11. – С. 11.
- 3 Исламский банкинг в Казахстане: долгий путь становления. Жанкелди Естенбаев // Юридическая Газета. 15 декабря 2009. – №215. – С. 19.
- 4 Ходжаназаров А. Исламские финансы не пострадали от кризиса // Рынок ценных бумаг Казахстана: Аналитический журнал.– 2009.– №1. – С. 23–25.
- 5 Айткожин К. Исламское финансирование в республике Казахстан // Журнал Юрист. – Июнь № 6. – 2011. – С. 16.
- 6 Шелгунов Р.В. Исламские финансовые институты в мировой экономике //Мировое и национальное хозяйство.- МГИМО. – №3.- 2010.- С.7-15.
- 7 Беккин Р.И. Исламская экономическая модель и современность. — М.: Изд. Дом Марджани – Институт Африки РАН, 2009. -340с.
- 8 Баймуратов У. Исламская финансовая модель: особенности и преимущества // Банки Казахстана. – 2007. – №12. – С. 13-17.
- 9 Трунин П.В. Исламская финансовая система: современное состояние и перспективы развития / П. Трунин, М. Камениских, М. Муфтяхетдинова. – М.: ИЭПП, 2009. – 88 с.
- 10 Нурымов А., Раимбеков Ж. Актуальные проблемы развития и управления исламской финансовой индустрией в Казахстане // Исламское финансирование: проблемы, тенденции, перспективы развития в РК//Матер. межд. науч.-прак. конф. КазУЭФМТ. –Астана, 2011. – С. 14-19.

## References

- 1 Bankovskoe pravo Respubliki Kazakhstan. Obshaya chast'. – Almaty: Zheti zhargy. 2007. – S. 17.
- 2 Kenzheguzina M. Islamskie finansy: vnedrenie edinykh standartov // Yuridicheskaya gazeta.– 26.01.2010.– №11. – S. 11.
- 3 Islamskii banking v Kazakhstane: dolgii put' stanovleniya. Zhankeldi Estenbayev. Yuridicheskaya gazeta. 15 dekabrya 2009 g. №215. – S. 19;
- 4 Khodzhanazarov A. Islamskie finansy ne postradali ot krizisa // Rynok cennyh bumag Kazakhstan: Analiticheskii zhurnal.– 2009.– №1. – S. 23–25.
- 5 Aitkozhin K. Islamskoe finansirovanie v Respublike Kazakhstan. Zhurnal Yurist. Iyun' № 6. 2011. – S. 16;
- 6 Shelgunov R.V. Islamskie finansovye instituty v mirovoi ekonomike //Mirovoe I nacional'noe hozyaistvo.- MGIMO. – №3.- 2010.- S.7-15.
- 7 Bekkin R.I. Islamskaya ekonomicheskaya model' i sovremennost'. — M.: Izd. dom Mardzhani – Institut Afriki RAN, 2009. -340s.
- 8 Baimuratov U. Islamskaya finansovaya model': Osobennosti I preimushstva: Banki Kazakhstana. 2007. №12. – С. 13-17.
- 9 Trunin P.V. Islamskaya finansovaya sistema: sovremennoe sostoyanie I perspektivy razvitiya / P. Trunin, M. Kamenskih, M. Muftyahetdinova. – M.: IEPP, 2009. – 88 s.
- 10 Nuryimov A., Raimbekov Zh. Aktual'nye problem razvitiya I upravleniya islamskoi finansovoi industrii v Kazakhstane // Islamskoe finansirovanie: problem, tendencii, perspektivy razvitiya v RK//Mater. mezhhd. nauch.-prak.konf. KazUEFMT. – Astana, 2011. s.14-19.